

"Қазалы ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 24 қазандағы № 91 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2025 жылғы 24 қарашадағы № 478 шешімі

Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Қазалы ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 24 қазандағы № 91 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8460-11 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

Аталған шешіммен бекітілген Қазалы ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларында:

5-тармақтың 3) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

3) 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні:

Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін, осы оқиғаларда қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қастандық жасағаны үшін сотталған, өздеріне қатысты қылмыстық істерді қайта қараудың қолданылып жүрген тәртібі сақталатын адамдарды қоспағанда, қуғын-сүргіндерге ұшыраған адамдарға – 60 (алпыс) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

саяси қуғын-сүргіндерден зардап шеккендер ретінде ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныс аударуда болған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балаларына, сондай-ақ қуғын-сүргін кезінде он сегіз жасқа толмаған және оның қолданылуы нәтижесінде ата-анасының немесе олардың біреуінің қамқорлығынсыз қалған саяси қуғын сүргіндер құрбандарының балаларына - 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазалы аудандық мәслихатының төрағасы

Ғ.Әліш

" К Е Л І С І Л Д І "

" Қ ы з ы л о р д а

о б л ы с ы н ы ң

ж ұ м ы с п е н

қамтуды үйлестіру және әлеуметтік
бағдарламалар басқармасы "

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК